

А.Ә. Құрманбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

Ұлағатты ұстаз

Журналистика факультетінде профессор, тарих ғылымдарының докторы, белгілі қоғам қайраткері Ләйла Ахметованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Медиабілім беру және киберәлеуметтану» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры Ләйла Сейсенбекқызы Ахметова «Құрмет» орденімен марапатталған, «Құрметті білім беру қызметкері», «Құрметті мәдениет қызметкері» белгілерінің, сондай-ақ бірқатар Мемлекеттік және халықаралық сыйлықтардың иегері, олардың ішінде БҰҰ Балалар Қорының «ҚР-да балалардың жағдайын жақсартуға және олардың құқықтарын сақтауға қосқан айыркша үлесі үшін» белгісі, 2010 жылғы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік сыйлығы және басқалар бар. Л.С.Ахметова- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика және коммуникациялар бойынша ЮНЕСКО орталығының директоры, «Зияткерлік еңбек әйелдері одағы» ОО төрайымы, «Қазақстандағы PR және БАҚ» ғылыми журналының бас редакторы, өзінің патриоттық тақырыпқа арналған еңбектерімен танымал, журналистика, қоғаммен байланыс жөніндегі ондаған кітап пен жүздеген мақала авторы.

Ләйла Ахметованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Медиабілім беру және киберәлеуметтану» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда алғы сөз алған журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы патриот ұстаздың ұлағатын ұрпаққа тарата айтып, еңбегіне жеміс тілеп, факультет атынан құрмет білдірді. Одан кейін арнайы сөз кезегі ҚазҰУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева: «Ләйла Сейсенбекқызы секілді патриоттар болса, университетіміз нәтижесі жоғары

болмақ», -деп бағалап, ҚазҰУ Ректоры мен жеке өзі атынан Құрмет грамотасын табыстады. Ал, ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев: «Бүгінгідей мерейтой, оның аясындағы ғылыми конференция біздің университетімізде қалыптасқан жақсы дәстүр, ерекше салт. Университетімізге қомақты үлес қосқан біздің тұлғаларымызға құрмет, қошемет көрсету әрқайсымыздың парызымыз. Кәсіподақтың құрылғанына 55 жыл десек, жеке кәсіподақ болғанымызға 20 жылдың жүзі толып отыр. Сол бөлініп шығуда Ләйла Сейсенбекқызының қажырлы еңбегі орасан зор, «Парасаттағы» еңбегі ерекше жан. «Парасат» кәсіподағы үлкен жетістіктерге жетсе, ондағы Ләйла Сейсенбекқызының еңбегі елеулі екенін айтпасақ болмайды. Мерейлі жасқа келіп отырған еңбек иесіне кәсіподақ атынан бар жақсылық тілеймін», -деп сый-сыяпат көрсетті.

Конференция жұмысына шетелдік және отандық ғалымдар, ҰЕҰ өкілдері, қоғам қайраткерлері және БАҚ өкілдері қатысты. Конференцияда Қазақстандағы медиасауаттылық және журналистік білім берудің өзекті проблемалары, білім беру, ғылым және өндіріс: ықпалдасу жолдары, барлық деңгейдегі орта және кәсіптік білім беру жүйесіндегі медиақұзіреттіліктің дамуы, медиабілім беру және қоғам, ҰЕҰ-ның медиабілімберуге қосқан үлесі, әлеуметтікмәдени әртүрлілік: ұлттық бірегейлікті сақтау сынды негізгі бағыттар бойынша жұмыстар талқыланды.

Конференцияда I студенттік республикалық «Ең жақсы PR жоба» байқауының иегерлері анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, Ләйла Сейсенбекқызы мектеп оқушылары арасында патриоттық тақырыпқа шығарма жазу конкурсында жеңіске жеткен үздіктерді атап, ең жақсы жазылған шығарма иелері, мектеп оқушыларын бағалы сыйлықтармен марапаттады.